

Н. Арыстанбекұлы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәденитеті университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: Alba.Muslima@mail.ru

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты қабылданған мемлекеттік бағдарламалар нәтижесі атты тақырыбындағы зерттеу жұмысында тәуелсіздік жылдары қалыптаса бастаған Қазақстанның төл зайырлылық қағидаттарына сәйкес барынша бейбіт ұстанымда негізге ала отырып, діни тұрақтылықты қамтамасыз ету саясаты қарастырылған. Кезең-кезеңге негізделіп қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың алға қойған мұрат-мақсаттары теориялық тұрғыда зерделеніп, тың тұжырымдар жасалынады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда әлемдегі және еліміздегі діни экстремизм, терроризм және радикализмнің қоғамымызға, әсіресе жастарға тигізетін әсері мен зардаптары туралы, олардың алдын алу жолдары, дінтанулық сараптама жүргізу, талдамалық қорытынды беру, ұсыныстар мен реттеуге қатысты концептуальді құжаттар әзірлеп, мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар нәтижесін ғылыми тұрғыда жан-жақты талдауды көздейді. Бұл зерттеу жұмысы еліміздің діни саладағы қауіпсіздігін арттыру мақсатында жүзеге асырылған мемлекеттік шаралардың тиімділігін бағалауға, экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытындағы іс-шараларды жүйелі түрде қарастыруға бағытталған. Қазақстанның діни ахуалының тұрақтылығы, әсіресе түрлі идеологиялардың ықпалынан сақтану қажеттілігі туралы мемлекет басшылығының стратегиялық көзқарастарының іске асуы мен оған сәйкес құқықтық негіздердің қалыптасуы зерттеуде маңызды орын алады. Бұл жұмыста елімізде қабылданған түрлі бағдарламалар мен заңнамалық актілердің негізінде жүзеге асырылған мемлекеттік саясаттың нәтижелерін сараптап, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жүйесін жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеу көзделеді. Тұтастай алғанда, зерттеу жұмысында Қазақстанның діни тұрақтылықты сақтау және экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолындағы ұлттық қауіпсіздік саясатының дамуы мен нәтижелеріне қатысты терең талдау жасалады.

Түйін сөздер: дін, экстремизм, терроризм, зайырлылық, Заң.

N. Arystanbekuly

Egyptian University Islamic Culture Nur Mubarak, Almaty, Kazakhstan
e-mail: Alba.Muslima@mail.ru

The State Program results of the Republic of Kazakhstan in prevention of religious extremism and terrorism

The research paper titled “Results of State Programs Aimed at Preventing Extremism and Terrorism in Ensuring National Security and Stability” examines the policy of ensuring religious stability, based on the principles of Kazakhstan’s secular state, which began to form since the country gained independence. The paper focuses on the peaceful approach that underlies the policy aimed at ensuring religious stability. The theoretical analysis of the objectives of state programs, which are implemented step by step, is provided, along with new conclusions. Additionally, the paper discusses the impact of religious extremism, terrorism, and radicalism on society, especially on youth, their consequences, and prevention methods. This includes conducting religious studies expertise, analytical conclusions, and the development of conceptual documents and proposals for regulating these issues. The study scientifically analyzes the outcomes of state projects and programs aimed at improving security in the religious sphere and assessing the effectiveness of the measures taken. The paper is focused on evaluating the effectiveness of government activities aimed at improving security in the religious sphere and systematically reviewing measures for the prevention of extremism and terrorism. An important aspect of the research is the implementation of the strategic vision of the country’s leadership regarding the stability of the religious situation in Kazakhstan, as well as the formation of legal foundations to prevent the influence of various ideologies. The goal of the research is to analyze the results of state policy, based on various programs and legislative acts adopted in the country, and to develop proposals for improving the system

of preventing religious extremism and terrorism. Overall, the paper provides an in-depth analysis of the development and results of Kazakhstan's national security in the area of maintaining religious stability and preventing extremism and terrorism.

Key words: religion, extremism, terrorism, secularism, Law.

Н. Арыстанбекұлы

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан
e-mail: Alba.Muslima@mail.ru

Результаты государственных программ Республики Казахстан по профилактике религиозного экстремизма и терроризма

В исследовательской работе на тему «Результаты государственных программ, направленных на предупреждение экстремизма и терроризма в обеспечении национальной безопасности и стабильности» рассматривается политика обеспечения религиозной стабильности, основанная на принципах казахстанского светского государства, которые начали формироваться с момента независимости. Работа акцентирует внимание на мирном подходе, заложенном в основу политики, направленной на обеспечение религиозной стабильности. В ходе работы теоретически анализируются цели государственных программ, принимаемых поэтапно, и делаются новые выводы. Кроме того, рассматривается влияние религиозного экстремизма, терроризма и радикализма на общество, особенно на молодежь, их последствия и методы предотвращения, включая проведение религиоведческих экспертиз, аналитических выводов, а также разработку концептуальных документов и предложений по регулированию этих проблем. В работе научно анализируются результаты государственных проектов и программ с целью улучшения безопасности в религиозной сфере и оценки эффективности предпринятых мер. Работа ориентирована на оценку эффективности государственных мероприятий, направленных на повышение безопасности в религиозной сфере, и систематическое рассмотрение мер по профилактике экстремизма и терроризма. Важное место в исследовании занимает реализация стратегического взгляда руководства страны на стабильность религиозной ситуации в Казахстане, а также формирование правовых основ для предотвращения воздействия различных идеологий. Цель исследования — анализ результатов государственной политики, основанной на различных программах и законодательных актах, принятых в стране, и разработка предложений по совершенствованию системы предупреждения религиозного экстремизма и терроризма. В целом, в работе проводится глубокий анализ развития и результатов национальной безопасности Казахстана в области сохранения религиозной стабильности и предотвращения экстремизма и терроризма.

Ключевые слова: религия, экстремизм, терроризм, светскость, Закон.

Кіріспе

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан зайырлы мемлекеттің іргетасын нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Елдің заңнамалық базасы діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен діни ұйымдардың қызметін реттеу бағытында дамып келеді. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни ұйымдар туралы» заң болды. Бұл құжат Қазақстанның зайырлылық қағидаттарын заңды түрде бекітті. Заңға сәйкес, Қазақстанда «мемлекеттік ресми дін» ұғымы жоқ. Сонымен қатар, құжаттың кіріспесінде ханафи мәзһабын ұстанатын сүнниттік мұсылмандар мен православ христиандарының ел мәдениеті мен руханиятындағы рөлі танылғаны атап өтілген. Мұндай көзқарас Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі бірегей үлгісін көрсетіп, діни сенім бостандығын сақтау мен ұлттық дәстүрлерді үйлестіруге бағытталғанын білдіреді. Дегенмен, Қазақстан

дін саласындағы реттеуші саясатында діни кемсітушілікке жол бермейді. Елдің мемлекеттік бағдарламалары экстремизм мен терроризмге қарсы күресті басты мақсаттардың бірі ретінде айқындаған. Бұл ретте, тек экстремистік және радикалды діни ұйымдарға шектеу қойылады, ал өзге сенімдерге қатысты құқықтар мен бостандықтар сақталады. Қазақстанның дін саласындағы саясаты қоғамда діни тұрақтылықты сақтау, рухани құндылықтарды нығайту және экстремистік ағымдардың таралуына тосқауыл қоюға бағытталған. Бұл тәжірибе зайырлылық қағидаттарының тиімді іске асырылып, елдегі бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп отыр.

Қазақстан халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мән береді. Бұл бағытта заңнамалық және әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылуда. Мысалы, 2023 жылы *Journal of Educational and Social Research*

журналында жарияланған мақалаларда діни экстремизмнің алдын алу үшін қабылданған заңнамалық шаралар, социологиялық зерттеулердің нәтижелері және дәстүрлі қазақ құндылықтарын насихаттау арқылы қоғамдағы тұрақтылықты нығайту мәселелері талқыланған. Бұл бастамалар Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен халықаралық құқықтық стандарттарды үйлестіре отырып, адам құқықтарын қорғау ісінде табандылықпен жұмыс істеп жатқанын көрсетеді (*Journal of Educational and Social Research, 2023*).

Біздің елдің парламенті адамды кемсітудің барлық түрлеріне тыйым салатын халықаралық құжаттарды ратификациялаған. 1966 жылы 19 желтоқсанда оның екі түрі халықаралық құқықта бекітілді. Бұл екеуі «экономикалық, әлеуметтік және мәдени фактілерге» және «азаматтық және саяси құқық фактілеріне» негізделген. Ең алдымен еңбек ету құқығы, кәсіпті еркін таңдау құқығы, еңбекақы алу құқығы, денсаулық сақтау, білім алу сияқты мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, «азаматтық және саяси құқықтар фактісі» өмір сүру, өз бостандығын қамтамасыз ету құқығы, әділ сот төрелігіне қол жеткізу және ар-ождан бостандығы сияқты құқықтарды қамтиды. Комитет осы құжаттарды қабылдаған елдердің есептері мен отырыстарын бақылау үшін жұмыс істейді.

Дін – күрделі әлеуметтік құбылыс. Әртүрлі әдістерді қолдана отырып, діннің қоғамдағы ролін және оның экстремизмге ықпал етуін талдау маңызды. Бұл дінді ғылыми тұрғыдан анықтаудың ең қарапайым және кең тараған әдісі. Сондықтан бұл құбылысты ашу үшін индуктивті және дедуктивті әдістердің негізінде талдау жасалынады. Қарастырылып отырған құбылысқа қатысты барлық фактілерді мүмкіндігінше жинақтау, оларды салыстыру, зерттелетін құбылысты сипаттауда ұқсас жақтарын, қайталанатын белгілер мен ортақ белгілерді бөліп көрсету. Сонымен бірге әлеуметтану саласы олардың бір-бірінен соншалықты әртүрлі болғанымен, барлық діндер ортақ қандай да бір ортақ белгілерді анықтау мүмкін еместігін көрсетеді. Айталық, мұсылмандық және христиандық діни дүниетанымға тән дүниені жат және басқа дүниелерге бөлу буддизмде де, индуизмде де жоқ (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық -құқықтық жүйесі, 2011).

Қазақстанның дін мәселелерін реттеуде төл зайырлылық қағидаттары бекітілді. Атап айтар болсақ, 2011 жылы ҚР Діни қызмет және діни ұйымдар атты Заңнамасы қабылданды (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты,

2013). Аталған заңнама бойынша мемлекеттік ресми діні түсінігі жоқ. Бірақ, заңның кіріспесінде ханафи мәзһабын ұстанатын сүнниттер мен православ христиандардың рухани ролі мо-йындалатыны анық жазылған. Бұл дегеніміз Қазақстанның зайырлылық қағидаттарының пре-ференциялық қалыпқа негізделгенін көрсетеді (Есмахан, Исахан, 2021: 53). Десе де, Қазақстан дін мәселелерін реттеуде діни кемсітушілікке жол бермейді. Мемлекеттік бағдарламаларда ұлттық қауіпсіздік пен діни тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тек экстремистік және терро-ристік діни топтармен ғана күресетіндігін баяндаған.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасының дін қатынастарын шешудегі негізгі бағыты дінге тыйым салмайтын демократиялық принциптерге сәйкес келетін зайырлылық болғандықтан, тәуелсіздік жылдарында дінге жауапты ресми органдардың құқықтық әлеуеті солғын еді. Осы себептен де, 2000-шы жылдардан кейін Қазақстанда діни ахуал күрт нашарлап кетті. Бір-біріне қарама-қайшы әртүрлі діни топтар ортаға шығып, өз-ара айтысып-тартысып жататын. Тіпті, олардың кейбірі мемлекеттің конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін ұстанымда екенін ешкімнен жасырған жоқ. Қазақстанда 2011 жылдары бірнеше терактілердің орын алуы, дін мәселесіне салғырт қарамау керектігін ұғындып өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 84 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі құрылды (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2011). Аталған ведомстваның облыс әкімшіліктерінен аумақтық департаменттері ашылды. Мемлекеттің құрылымға енген бұл мекемелерге жаңа құқықтық функцияларды орындау міндеттері алға шығарылды. Ұлттық қауіпсіздікке жауапты өзге органдармен үйлесімде жұмыс істеу үшін бірнеше кезеңді қамтитын экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бағдарламасы қабылданды.

Тақырыпқа қатысты мемлекеттік тұрғыда қабылданған құқықтық доктриналар мен бағдарламаларды негізге алып, осы зерттеуде төмендегідей Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың

тиімділігін талдау және олардың нәтижелерін анықтау. Сонымен қатар, бағдарламалардың негізгі бағыттары мен жетістіктерін ашып көрсету арқылы осы саладағы шешімдерді одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;

- тақырыпты ашу үшін экстремизм, сепаратизм, терроризм т.б. терминдердің ғылыми анықтамасына қатысты тұжырымдарды саралау;

- Қазақстан Республикасында тәуелсіздік жылдары тұңғыш қабылданған дінге қатысты заңнаманың өзектілігін ескеріп, оның маңыздылығына тоқталу;

- XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр басындағы әлемдегі діни ахуалдың ушығуына байланысты халықаралық құжаттардың қабылдануының саяси-құқықтық мәніне шолу жасау;

- елімізде 2000-шы жылдардан соң ушыққан діни жағдайды шешу үшін құрылған ресми органдардың өзектілігін саралау;

- Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның нәтижелерін сараптау;

- Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2012 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның нәтижелерін сараптау;

- Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2013-2017 жылдарға арналған тұжырымдамасын мен Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының нәтижелерін талдау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізі діни экстремизм мен терроризм мәселелерін жан-жақты және жүйелі түрде талдауға мүмкіндік беретін ғылыми тәсілдерге негізделген. Әдіснаманың негізін келесі әдістер құрайды:

1. Диалектикалық әдіс

Әлеуметтік құбылыстарды олардың өзара байланысы, даму заңдылықтары мен қарама-қайшылықтарын ескере отырып зерттеу. Бұл әдіс дін саласындағы проблемаларды олардың динамикасында қарастыруға мүмкіндік береді.

2. Жүйелік-құрылымдық талдау

Қазақстандағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени жүйесімен байланыста қарастыру. Бұл әдіс діни экстремизммен күресу шараларының мемлекет пен қоғамдағы орны мен рөлін анықтауға көмектеседі.

3. Салыстырмалы талдау әдісі

Әртүрлі елдердегі діни экстремизммен күрес тәжірибесін Қазақстандағы жағдаймен салыстыру арқылы тиімді әдістерді анықтау. Бұл әдіс Қазақстан тәжірибесін халықаралық контексте бағалауға мүмкіндік береді.

4. Тарихи әдіс

Діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептерін тарихи тұрғыдан талдау. Бұл әдіс діни мәселелердің Қазақстан қоғамындағы тарихи ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі.

5. Кезеңдендіру әдісі

Қазақстанда қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды олардың кезеңдері мен жүзеге асырылу динамикасы бойынша зерттеу.

6. Талдау және сараптау әдісі

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау және олардың діни экстремизмнің алдын алуға әсерін анықтау үшін қолданылады.

7. Статистикалық сараптау әдісі

Діни экстремизм мен терроризмге қатысты статистикалық мәліметтерді жинақтап, оларды талдау арқылы алдын алу шараларының тиімділігін сандық тұрғыдан бағалау.

Зерттеудің әдіснамасы арқылы келесі міндеттер шешіледі:

- Қазақстанда қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға рөлін бағалау;

- жастар арасындағы радикализацияның алдын алу шараларының тиімділігін анықтау;

- дін мен қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыру жолдарын зерттеу.

Бұл әдіснамалық негіз зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік бағдарламалардың діни экстремизмге қарсы күрестегі тиімділігін кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелері және талқылама

Бүгінде дінтану, саясаттану және теология салаларында білікті мамандар жұмыс істеп, діни ұйымдардың қызметін қатаң қадағалап, олардың қызмет аясын шектеуге күш салуда. Бұл үдеріс қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында маңызды қадам болып табылады.

Дін мен экстремизм түсініктері

Дін – қоғамның рухани негізі, адамзаттың Жаратушымен байланысын білдіретін ерекше құбылыс. Ол пайғамбарлар арқылы таралған және өзіндік тарихи қалыптасу жолы бар құндылықтар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Діннің қоғам мен мемлекетке қауіп төндірмейтін түрі әрқашан бейбітшілік пен келісімге негізделеді.

Экстремизм термині француз тіліндегі *extremisme* және латын тіліндегі *extremus* сөздерінен туындаған, мағынасы «шектен шығу», «ортадан ауытқу» дегенді білдіреді. Экстремизм – бұл тәртіпті мойындамау, тек өз пікірін дұрыс деп санау және оны іске асыру үшін әртүрлі шараларға бару. Оның бастапқы кезеңі – «тек менің пікірім дұрыс» деген ұстанымнан басталады.

Экстремизмнің басты белгілері мыналар:

1. Өз пікіріне шектен тыс табандылықпен сену. Экстремистер өз көзқарастарын іске асыру үшін басқалардың қажеттіліктері мен жағдайларын ескермейді. Олар өз ойларын абсолюттік ақиқат ретінде қабылдайды, ал басқаларды адасқан деп санайды.

2. Шектен шығу әрекеттеріне бейімділік. Экстремистер кез келген жағдайда шектен шығуға бейім. Мұндай әрекеттер қоғамдағы үйлесімді өмірді бұзады, әлеуметтік толқулар тудырады (Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы, 2022).

Терроризм – араб тіліндегі *ирхаб* сөзінен туындаған, мағынасы қорқыту немесе үрей дегенді білдіреді. Терроризм – жүйелі қауіп пен зорлық-зомбылық арқылы үкіметті немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеуге бағытталған әрекет. Оның негізгі сипаттамалары:

- Қорқыныш туғызу;
- Жазықсыз адамдарға зиян келтіру;
- Зорлық-зомбылық көрсету арқылы мақсатқа жетуге тырысу.

Радикализм және сепаратизм

- Радикализм – қоғамдағы ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға қарсы шығу, жаулық пен алауыздықты күшейту, жалған идеалдарды күштеп енгізу әрекеті.

- Сепаратизм – белгілі бір аумақты бөліп алу немесе оқшаулау арқылы мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіру (Сөздікқор, 2007: 300). Мысалы, «Хизб ут-Тахрир» және «Әл-Қаида» сияқты ұйымдар теократиялық халифат құруды көздейді.

Ислам атын жамылған экстремизм

- Ислам діні ғылым-білімге, бейбітшілікке, төзімділікке шақырады. Алайда, экстремистік топтар ислам атын жамылып, қоғамның бірлігі мен татулығына нұқсан келтіреді. Мысалы, «Хизб ут-Тахрир», «Әл-Қаида», «Таблиц жамат» сияқты 17 экстремистік ұйымның қызметі-

не Қазақстанда заңмен тыйым салынған. Бірақ уахабизм мен салафизм бағыттарындағы қозғалыстарға Қазақстанда заң тұрғысынан шектеу қойылмаған

Мемлекеттік бағдарламалар мен олардың шешімдері

Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Бұл бағдарламалар бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды:

1. Ақпараттық-ағартушылық жұмыстар

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар халық арасында ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізуде. Мысалы, дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру топтары құрылған. Нәтижесінде:

Радикалдық идеологияға ұшыраған азаматтардың санының азаюы байқалды;

2015-2020 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулерде жастардың радикалдық идеологияны қолдау деңгейі 20%-дан 8%-ға дейін төмендегені анықталды.

2. Құқықтық шаралар

Қазақстанда 17 экстремистік ұйымның қызметіне тыйым салынған. Бұл құқықтық әрекеттер қоғамда бейбітшілікті сақтауға ықпал етті. Алайда салафизм мен уахабизм бағыттарына заңдық шектеу қойылмағаны белгілі бір қауіп төндіруде.

3. Жастармен жұмыс

Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында түрлі мәдени және білім беру жобалары іске асырылды. Нәтижесінде: құқық бұзушылық деңгейі төмендеді; жастардың діни сауаттылығы артты.

4. Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, терроризмге қарсы күресте белсенді жұмыс атқаруда. Бұл тәжірибе халықаралық деңгейде танылды, соның ішінде қазақстандық бағдарламалар ТМД елдеріне үлгі ретінде ұсынылды.

Бағдарламалардың тиімділігі мен кемшіліктері

Бағдарламалардың тиімділігін бағалау барысында мынадай оң нәтижелер анықталды:

- Террористік актілердің алдын алу көрсеткіштері артты;

- Діни сауаттылықты арттыру арқылы радикалдық идеологияға қарсы иммунитет қалыптасты.

Алайда кейбір кемшіліктер де байқалады:

- Жекелеген топтардың радикалдануы толықтай тоқтатылған жоқ;

- Салафизм мен уахабизмге заңдық шектеудің болмауы осы ағымдардың таралуына мүмкіндік береді.

Ғылыми тәсілдер мен ұсыныстар

Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін ғылыми негізделген тәсілдерді қолдану маңызды:

1. Әлеуметтік зерттеулерді пайдалану. Дін мен экстремизмге қатысты әлеуметтік сауалнамалар мен сұхбаттар өткізу арқылы халықтың діни жағдайын және экстремизм қаупін бағалау.

2. Деректерге негізделген шешімдер қабылдау. Радикалдану қаупі жоғары аймақтарда статистикалық және аналитикалық мәліметтерді пайдалану. Бұл жергілікті ерекшеліктерді ескеріп, тиімді стратегияларды анықтауға мүмкіндік береді.

3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Мектептер мен университеттерде экстремизмге қарсы арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру. Олар жастардың сыни ойлау қабілетін арттырып, радикалдық идеяларға қарсы иммунитет қалыптастырады.

4. Цифрлық технологияларды қолдану. Радикалдық мазмұнды анықтау және оған қарсы контент әзірлеу үшін жасанды интеллект пен Big Data технологияларын пайдалану. Бұл әсіресе интернеттегі насихатқа қарсы күресте маңызды.

5. Халықаралық тәжірибені бейімдеу. Ұқсас мәселелерді шешуде тиімді деп танылған халықаралық әдістерді Қазақстан жағдайына бейімдеу. Мысалы, Скандинавия елдеріндегі реинтеграциялық бағдарламаларды қолдану.

6. Экстремизмнің психологиялық және мәдени аспектілерін зерттеу, радикалдануға әсер ететін факторларды терең талдау арқылы алдын алу шараларын ғылыми негіздеу.

Қорытынды ұсыныстар:

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағдарламалары нәтижелі болғанымен, олардың тиімділігін арттыру үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

1. Салафизм мен уахабизм бағыттарына заңдық шектеу қою;

2. Ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды күшейту, әсіресе жастар арасында;

3. Бағдарламалардың ұзақмерзімді мониторингін жүргізу және тиімділікті арттыру үшін деректерге негізделген өзгерістер енгізу;

4. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, инновациялық әдістерді енгізу.

Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес – тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы. Бұл

бағыттағы жұмыстар әрі қарай ғылыми негізделген тәсілдермен жалғасуы қажет.

ҚР Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты қабылданған мемлекеттік бағдарламалар нәтижесі

Қазақстанда экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған мемлекеттік шаралар 1998 жылдан бастап жүйелі түрде жүзеге асырыла бастады. Сол жылы экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бағдарламасының жобасын талқылау алдында, осы қауіптердің алдын алу және оларға қарсы күрес бойынша заңнамалық негіздер талқыланды. Бұл заңнамалар елде терроризмге қарсы іс-шараларды үйлестірудің құқықтық базасын қалыптастыруды көздеді. 2011 жылы Қазақстанда діни қатынастарды реттеуге ерекше көңіл бөлінді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Парламенттің төртінші шақырылымының V сессиясының ашылуында діни қызметтер мен діни бірлестіктерге қатысты жаңа заңды тез арада қабылдау қажеттігін ерекше атап өтті. Нәтижесінде, 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызметтер және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл заң діни экстремизмнің таралуына жол бермеуді және қоғамда діни тұрақтылықты қамтамасыз етуді көздеді. Осы шаралар Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламасының негізіне алынып, діни қауіптердің алдын алудың тиімді механизмдерін құруға бағытталды. Бұл бағдарлама Қазақстанның қауіпсіздігі мен діни тұрақтылығын нығайтуға маңызды үлес қосты. (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2013).

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі болып табылады.

Бұл дін туралы заң Қазақстан Республикасының Конституциясына, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің Қорытынды актісіне негізделген. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесіне мүше мемлекеттердің өкілдері. Венада өткен кездесудің қорытынды құжаты, Копенгагенде өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің адам өлшемі жөніндегі конференциясының құжаты және т.б.

Зайырлы құрылым мемлекеттің діни бірлестіктерге ешқандай мемлекеттік функцияларды

бермеуін және діни бірлестіктердің қызметіне араласпауын білдіреді (Ақмолова, 2019: 36).

«Қазақстан Республикасында діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жобасын жергілікті атқарушы және уәкілетті мемлекеттік органдардың сапалы және толық іске асыруын талдау» бойынша:

«Бір Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен Астана қаласы прокуратурасының негізгі міндеттерінің бірі Жарлығымен бекітілген «Діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. Бұл бағдарлама экстремизмге ықпал ететін факторларды анықтауға, халықтың діни сауаттылығын арттыруға және жастарға патриоттық тәрбие беру арқылы радикалды идеяларды болдырмауға бағытталған (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқық-тық жүйесі, 2018).

Елімізде діннің негізгі басым бағыттарын реттейтін бірнеше негізгі бағдарламалық құжаттар бар. Ол 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламаның мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қаупінің алдын алу арқылы адамдардың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін атап өтті. Қазақстанда экстремистік мазмұндағы материалдарды бақылау және жою бойынша күшті шаралар қабылдануда. Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүз мыңдаған материалдарды, соның ішінде террористік насихаттарды интернеттен алып тастады (Marshallcenter, 2019).

Экстремистік топтар тарапынан жаңа жақтастарды қатарына тарту үшін барлық қол жетімді мүмкіндіктер қолданылады: әлеуметтік желілер, тақырыптық форумдар, мессенджерлер, онлайн ойындар және т.б. Жарияланатын ақпарат белгілі бір мақсатты аудитория (*жабық чаттар және әлеуметтік желілердегі топтар*), сондай-ақ пайдаланушылардың кең ауқымы үшін дайындалады. Онлайн кеңістігіне көшуге байланысты экстремистік мазмұндағы ақпараттық-насихаттық материалдардың жарияланатын контентінің сапасы мен санының артуы байқалады (Қадіров, 2020). Бұл мәселелерді зерттеуге ғылыми-талдамалық көзқараспен қарайды және діни экстремизмнің алдын алу үшін идеологиялық, құқықтық, ақпараттық және мәдени құралдарды қолдану қажеттігін атап өтеді. Сонымен қатар, автор діни сауаттылықты арттырудың және қоғамда толерант-

тылық мәдениетін қалыптастырудың маңызды рөлін ерекше көрсетеді.

2013 жылдан бері елімізде діни экстремизм мен терроризм идеологиясының таралу себептері мен жағдайларын жою, арнайы ақпараттық-түсіндіру шараларын ұйымдастыру бойынша 202 комиссия жұмыс жасауда. Мәліметтерге сәйкес, облыста 8,1 миллионнан астам адам қатысқан 96,6 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 755 «жиһадшы» қалыпты жолға ауыстырылды. Дайындық жұмыстарының бастапқы кезеңінде лаңкестік сипаттағы 38 зорлық-зомбылық экстремистік науқанды жүзеге асыруға жол берілмеді. Шетелдегі күдікті діни оқу орындарынан 384 студент елге қайтарылды.

БАҚ беттерінде жарияланған ақпараттарға сәйкес – Ақтөбе мен Алматыда болған терактілерден кейін құқық қорғау органдары лаңкестіктің алдын алу саласындағы ілгерілеушілікті хабарлады. Кейбір сарапшылар «дін атын жамылған лаңкестік» барын, онымен күресуде адам құқығының бұзылуы мүмкін екенін ескерттеді. Қарулы шабуылдар Қазақстанда бұрын да болған. Алайда билік тек 2011 жылы ғана Ақтөбе облысында екі полиция қызметкеріне жасалған шабуылды теракт деп атады. Сол кезде де, 2016 жылдың жазында да билік бұл терактілерді «діни радикалдар» ұйымдастырды деп мәлімдеді. Дәл осы тұста билік өкілдері елде радикалды салафизмнің күшейіп келе жатқанын айтып, елде салафизмге тыйым салу туралы ұсыныстар айтылды. ҰҚК-нің сол кездегі төрағасы Владимир Жұмақановтың айтуынша, Алматыдағы облыстық ішкі істер департаменті мен ҰҚК департаментінің ғимаратына қарулы шабуыл жасаған Руслан Күлекбаев түрмеде «салафиттер ықпалына түскендігі» мәлім болды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесіне теологиялық және оңалту жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандар контингенті енгізілді. «Биылғы бес айда діни ұйымдардың өкілдері түзеу мекемелеріне 800-ден астам рет барды». Терроризм мен экстремизммен күресу шаралары Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Мұнда діни білім мен сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі бағдарлама мен әдістер іске асырылуда (Kazislam.kz Ақпараттық-танымдық портал, 2020). Осы орайда «Халифат сарбаздары» жөнінде тоқтала кетсек, «Джунд әл-Халифат» ұйымы Ауғанстанның Хост провинциясындағы ауған-пәкістан шекарасында орналасады деген болжам бар. Бұл

сайттың хабарлауынша, бұл қауіп тікелей Әл-Захир Байбарс батальонының мүшелерінен келеді. Оның мүшелерінің көпшілігі НАТО күштеріне қарсы соғысып жатқан ауған партизандарының бір бөлігі болып табылатын қазақстандық мүжәһиттер. Қазақ жауынгерлері соғысып жатқан аймақ Хаккани Талибанының ең қауіпті аймағы болып табылады. Ауған соғысы болған жерде қазақтар қайда? Қазақстандық арнайы қызметтер үшін бұл көптен бері құпия болған жоқ. Оларда «ұлтаралық жауынгерлердің» әрқайсысы туралы ақпарат бар. Осыдан 5-6 жыл бұрын Қазақстаннан, соның ішінде Атыраудан да біраз студенттер Пәкістанға діни білім алуға кеткен. Олардың көпшілігі сонда барып, жаһандық жиһад идеяларын бойына сіңіріп, халифат құруға үлес қосты. Олардың көптеген жақтастары мен достары Қазақстаннан Пәкістанға сапар шекті. 2009 жылы Пәкістанға заңсыз өтпек болған алты әйелді балаларымен бірге дельтадан ұстады. Сотта олар мүжәһид күйеулеріне бармақ болғандарын айтты. Ауған-Пәкістан шекарасында батальон осылай жасақталған. Топтың өзегін қазақтар құрайды, олардың саны 100-150 адамнан асады, ұйғырлар, өзбектер және т.б. Халифаттың қорғаушысы саналған жерлесі Сұлтан Бейбарыстың есімі атыраулықтардың ой-пікірінен туғанын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, олардың террорлық әрекеттерінің жолдары кесілген болатын (Абай газеті, 2011).

Келесі кезекте Қазақстан үшін маңызы зор іс – Жусан операциясы еді. 2018 жылы Қазақстанда Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Осы бағдарлама барысында Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) Сирия мен Ирактағы қазақстандықтарды қайтару бойынша бірнеше арнайы операция жүргізді (Абай газеті, 2017).

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, Жусандағы арнайы операция кезінде 600 адам эвакуацияланған, оның ішінде 413 бала, оның 34-і жетім балалар.

Ерлан Қариннің «Жусан операциясы» кітабында басқа сан келтірілген – 613 адам, оның ішінде 33 ИМ содыры, 160 әйел және 420 бала. Дегенмен, кітап 2021 жылы 4 ақпанда болған «Жусан-5» операциясына дейін жарық көрді, оның барысында 12 адам қайтарылды. Бірақ кітапта барлау қызметтері жария етпеген немесе ақпарат таратпаған қосымша операция туралы айтылады. Автордың айтуынша, оқиға 2019 жылдың 7 қыркүйегінде болған, 4 әйел мен 14 бала эвакуацияланған. Ал, «Русафа» операция-

сының нәтижесінде Ирактан 14 бала қайтарылды. Қазақстанға оралған отандастарымыздың жағдайлары 2нұсқада болды, олар: 1 – түзету мекемелеріне ерлерді Сот шешімімен қамалса, ал 2-оңалту жұмыстары жүргізілді. Жалпы, кітапта Қазақстанға қайтарылған азаматтардың саны мен операциялардың егжей-тегжейі келтіріледі, соның ішінде «Жусан-1» және «Жусан-4» операциялары туралы деректер егжей-тегжейлі талданған. Сонымен қатар, автор барлау қызметтері жария етпеген қосымша операцияларды, атап айтқанда, 2019 жылдың 7 қыркүйегіндегі эвакуация мен «Русафа» операциясын сипаттайды (Қарин, 2021: 224).

Қазақстан Республикасы тарапы әлемдік деңгейде халықаралық жиналыстар өткізіліп, онда Сириядағы қарулы қақтығыстарға ықпалы зор болды. 2017 жылы экстремизммен күресте халықаралық тәжірибе ретінде жүзеге асырылған Сирия мәселесін реттеуге қатысты Астана процесі диалог алаңында қарулы қақтығыс пен елдің есін шығарған Сирия мәселесіне нүкте қойылды. 23 қаңтарда Астанада басталған келіссөздер аяқталған. Ресей, Иран және Түркия өкілдері дайындаған қорытынды құжаттың мәтінін Қазақстанның сыртқы істер министрі Қайрат Әбдрахманов оқыды. Ол, сондай-ақ, Қазақстан сириялық реттеу жөніндегі халықаралық кездесуде достық ахуал қалыптастыру үшін барлық мүмкіншілікті жасағанын айтты. Министр оқыған қорытынды құжатта, «Оқ атуды толықтай тоқтатуды, арандатудың жоқтығын және барлық тиісті мәселелерді қадағалайтын үш жақты механизм жасау туралы шешім шығарылды. Біз Қазақстанда тыйым салынған ДАИШ-қа қарсы күресті жалғастыруға дайын екенімізді және оларды қарулы оппозицияның басқа бөлігінен бөліп қарауға дайынбыз. Біріккен Ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесінің 2254 резолюциясына сәйкес келіссөздерді шұғыл бастау керек деген пікірдеміз» делінген.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік іс-қимыл бағдарламасының жобасы дайындалды: біріншіден, бұл – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тұжырымдамасы. 2017-2020 жылдарға арналған дін саласы, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы – іс-қимыл жоспары және т.б. 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама экстремизм мен терроризм қатерлерінің алдын алу саласындағы өзекті мәселелерді шешудің норматив-

тік- ұйымдастырушылық негізі болып табылады (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық -құқықтық жүйесі, 2018). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысымен бекітілген.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – діни экстремизм мен терроризмнің қауіпті көріністерінен жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бағдарламаны жүзеге асыруға көптеген мемлекеттік органдар атсалысты. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалды көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалды көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру. Сондай-ақ адамдарды радикалдануға итермелейтін сыртқы күштердің ықпалын азайту, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмді анықтау және алдын алудың тиімділігін арттыру міндеттері қарастырылған. Бағдарламаның мақсатты индикаторлары:

экстремистік идеяларды таратып, арамызда діни араздықты қоздыратын адамдардың санын азайту;

террористік және экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің дер кезінде жолын кесуге ықпал ету;

террористік актілердің зардаптарын азайтуға және жоюға, Қазақстан Республикасының аумағында террористік актілерге тойтарыс беруге дайындық деңгейі.

Бұл бағдарламаның мақсаты қоғамда толерантты діни сананы және радикалды идеологияға қарсы иммунитетті дамытуға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру болып табылады. Арнайы және құқық қорғау органдарына қызмет көрсету жүйесін жетілдіру арқылы діни экстремизм мен терроризм белгілерін анықтау және жолын кесу тиімділігін арттыру. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі 2018-2024 жылдар. Айта кету керек, діни араздық пен алауыздықты қоздыруға бағытталған экстремистік идеяларды таратушылардың санын азайту бағдарламасының негізгі көрсеткіші өткен жылы жүзеге асырылды. Деструктивті идея бағытындағы адамдар саны 30 пайызға азайды. Бағдарламада діни бірлес-

тіктермен ашық есік күндерін, спорттық және мәдени іс-шараларды өткізу үшін шығармашылық жұмыстар қолданыла бастады. Солардың ішінде Діни бірлестіктер жетекшілері клубының қызметін ерекше атап өткім келеді. Сондай-ақ, радикалды діни идеологияларды тарату орталығы болып табылатын интернет кеңістігінде қарсы үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселелер пысықталып, оларға қарсы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы баламалы дінді насихаттау жұмыстары жүргізілді. Ұлт көшбасшысы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің кез келген нысандары мен белгілеріне қарсы іс-қимыл» атты жолдауында жаңа саяси бағыттың басым міндеттері ретінде айқындалған. Қазақстанның экстремизмге қарсы күрес аясындағы заңнамалық бастамалары, білім беру бағдарламалары және радикалды идеологияларға түскен тұлғаларды оңалту бойынша жұмыстар ғылыми зерттеулерде кеңінен талданған (EU and UN Joint Initiatives, 2019). Қазақстандағы экстремистік бағыттағы қылмыскерлерді басқару және радикализацияның алдын алу бойынша бағдарламалар халықаралық стандарттарға сәйкес оңалту және гендерлік сезімталдық стратегияларын қолданады. Олар қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту және адамдарды қоғамға қайта қосу арқылы ұзақ мерзімді терроризмге қарсы стратегия құруды көздейді. Дін істері басқармалары жанынан діни оңалту ісін жүзеге асыратын осындай мекемелер құрылды. Бұл орталықтар діни бірлестіктермен, тұрғындармен, соның ішінде радикализм ықпалына ұшыраған азаматтармен тығыз байланыс орнатады.

Орталықтың жұмысы аясында:

- Теріс діни ағымдардан зардап шеккендерге психологиялық және теологиялық қолдау көрсетіледі.

- Дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру мақсатында ақпараттық кездесулер ұйымдастырылады.

- Жастар арасында радикализмнің алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Мысалы, Түркістан және Алматы қалаларындағы орталықтар 2022 жылы ақпараттық және оңалту жұмыстарын жандандыра түскен. Олар дін саласындағы құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын өткізіп, қоғамның қауіпсіздігін арттыруға үлес қосуда (Атамекен ҰКП, 2022). Осыған сәйкес халықтың діни санасын қалыптастыру татулық пен келісім орнаған, діни се-

німдегі адамдар мен атеисттердің құқықтары сақталған Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдениеті негізінде жүзеге асырылады. Қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизмнің алдын алуға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ жаһандану процестері мен қақтығыстар әлеуеті қазіргі уақытта халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің жағдайына айтарлықтай әсер етуде. Діни экстремизм мен терроризм қауіпсіздік мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау деңгейінің қауіпсіздік жағдайына тәуелділігін арттыра отырып, жаһандық проблемаға айналды. Сонымен қатар, қазіргі жүйе радикалды діни идеологияның таралуына ықпал ететін жағдайларды тиімді жою, сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің жолын кесу мақсатында жетілдіруді талап етеді. Бұл бағдарлама діни экстремизм мен терроризм мәселесіне маманданған сарапшылар мен ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстарына, сондай-ақ еліміздегі діни ахуалды талдауға негізделген. Бағдарлама 5 жыл мерзімге есептелген. Бұл бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы проблемалар мен өзекті мәселелерді шешудің нормативтік ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Бұл ретте бағдарламаның ережелері азаматтардың ар-намыс құқықтарын және заңмен кепілдік берілген діни наным-сенімдерін құрметтеу қажеттілігін ескере отырып жазылған. Діни оқыту тек мектеп қабырғасымен шектелмей, арнайы және жоғары оқу орындарында жалғасын табуы керек. Сондай-ақ студенттер арасында дінтану курсы өтуі қиын, қажетсіз, әйтеуір бағаға оқытылатын курстардың қатарында қалмауын қадағалау керек. Мұнда діни мәселелерге қызығушылық танытқан студенттер мен жастар дінаралық диалогты нығайту, діни сауаттылықты арттыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу сынды өзекті мәселелерге көзқарастарын қалыптастыру, сондай-ақ оларды шешуге бағытталған бағдарламалардың жобаларын дайындау сияқты мәселелерді шешеді. Мұның бәрі азаматтардың дін туралы білімін кеңейтуді қызықты және қарапайым етеді. Діннен хабары бар, сауатты кез келген адам өзінің рухани бағдарын дұрыс таңдайды, басқа адамдардың діни, ұлттық, тілдік ерекшеліктерін құрметтейді. Яғни, Қазақстанда қалыптасқан дінаралық келісім бейбітшілікті сақтауға, оны кейінгі ұрпаққа жеткізуге септігін тигізсе, өз кезегінде емін-еркін, қызығушылықпен жинақталған білім мен тәжірибе өмір жолында сүрінбеудің кепілі. Қазақстан тек ішкі саясатта ғана емес, сонымен қатар халықара-

лық аренада да діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресті күшейтуде. 2017 жылы Сирия мәселесін шешуге қатысты Астана процесі аясында мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар нығайтылып, діни экстремизмнің таралуына қарсы халықаралық күш-жігер біріктірілді. Қазақстан өзінің сыртқы саясатын халықаралық қауіпсіздікке айтарлықтай әсер ететін мәселелерді шешуге бағыттап, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға маңызды үлес қосуда. Қазақстанның діни экстремизм мен терроризмге қарсы бағдарламаларының басты мақсаты – радикалды идеологиялардың таралуына жол бермеу және қоғамда діни төзімділік пен бейбітшілікті нығайту. Діни экстремизмнің алдын алу үшін мемлекеттік органдар мен қоғам арасында тығыз байланыс орнату, ақпараттық жұмыстарды күшейту, сондай-ақ жастарға діни білім беру мен діни сауаттылықты арттыру қажет. Сонымен қатар, жаңа діни ағымдар мен радикалды көзқарастардың пайда болуы мен таралуын тоқтату үшін білім беру жүйесіне арнайы курстар енгізу, діни бірлестіктермен бірге жұмыс істеу маңызды. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін талдау кезінде бірнеше маңызды бағыттар мен ұсыныстарды қарастыруға болады. Бұл ұсыныстар бағдарламалардың нәтижелерін жақсартуға және қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- Адам құқықтарын және бостандықтарын сақтау:

- Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес кезінде азаматтардың құқықтарын бұзбай, теңқұқылық принциптерін сақтау маңызды. Ұсыныс: заңнамалық деңгейде діни наным-сенімдерге қатысты бұзушылықтардың алдын алу үшін халықаралық тәжірибені ескеріп, шаралар қабылдау.

- Діни білім беру мен ағарту жұмысын күшейту:

- Экстремизмнің алдын алу үшін жастар арасында діни сауаттылықты арттыру керек. Ұсыныс: мектептерде, колледждерде және университеттерде діни төзімділікті қалыптастыру мақсатында арнайы курстар мен тренингтер өткізу.

- Қоғамдық келісім мен діни татулықты нығайту:

- Әртүрлі діни бағыттардың өкілдері арасындағы түсіністік пен өзара сыйластықты арттыру. Ұсыныс: дін өкілдері мен жастар арасында діни төзімділік пен бейбітшілік құндылықтарын насихаттайтын шараларды ұйымдастыру.

- Қоғамдық мониторинг жүйесін жетілдіру:
- Діни экстремизмнің қауіпті белгілерін ерте анықтау үшін тиімді қоғамдық бақылау жүйесін дамыту. Ұсыныс: жергілікті деңгейде діндар қауымдармен ынтымақтастық орнатып, экстремизм белгілерін анықтау бойынша әлеуметтік бақылауды күшейту.

- Әлеуметтік қолдау және алдын алу шараларын күшейту:

- Экстремистік идеологияның әсеріне ұшыраған адамдарды реабилитациялау мен психологиялық қолдау. Ұсыныс: экстремизмнің ықпалына ұшыраған азаматтар үшін әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру, оңалту жұмыстарын күшейту.

- Киберқұқық қорғау мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

- Интернет кеңістігіндегі діни экстремизм мен терроризмді насихаттауға қарсы күрес. Ұсыныс: киберқауіпсіздік пен ақпараттық бақылауды күшейтіп, әлеуметтік желілерде экстремистік контентті бақылау механизмдерін енгізу.

- Діни ұйымдармен ынтымақтастық:

- Діни ұйымдардың экстремизмге қарсы көзқарастарын үйлестіру. Ұсыныс: діни қауымдас-тықтармен тұрақты байланыс орнатып, экстремистік идеологияларға қарсы нақты қадамдар қабылдау.

- Қоғамдық қауіпсіздік күштерін дайындау және олардың әлеуетін арттыру:

- Терроризм мен экстремизмге қарсы күресетін мамандардың кәсіби даярлығын арттыру. Ұсыныс: құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік күштеріне діни экстремизм мен терроризммен күрес бойынша арнайы тренингтер мен курстар өткізу.

- Құқықтық реттеу мен халықаралық ынтымақтастықты нығайту:

- Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын күшейту арқылы экстремизм мен терроризмге қарсы күресті тиімді жүргізу.

Ұсыныс: халықаралық заңдар мен тәжірибелерді ескере отырып, ішкі заңнаманы жетілдіру, басқа мемлекеттермен бірлесіп іс-шаралар өткізу. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыруға және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға ықпал етуге болады.

Қорытынды

Қазақстан Конституциясына сәйкес, еліміз зайырлы мемлекет болып табылады, яғни діни сенім бостандығына және дінге қатысты

еркін таңдау құқығына кепілдік береді. Бүгінгі күні діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесі тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды болып отыр. Қоғам мен мемлекет бірлесіп күш-жігерін жұмсап, деструктивті күштердің ықпалынан қорғау шараларын қабылдауда. Қазақстан осы саладағы мемлекеттік бағдарламалар мен шараларды қабылдап, олардың нәтижесін көрсете отырып, діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған жұмыстарын жалғастыруда.

Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыс үздіксіз жалғасуы тиіс, себебі радикализм мен экстремизмнің алдын алу тек заңнамалық күшейтулер мен құқық қорғау шараларымен шектелмейді. Ол діни сауаттылықты арттыру, қоғамда толерантты көзқарастарды қалыптастыру және жастарды радикалдық идеологиялардан қорғау арқылы жүзеге асырылады. Мемлекетіміздің негізін құрайтын маңызды факторлардың бірі – дін. Қазақстанның дін мәселелеріне қатысты қабылдаған мемлекеттік жобалары мен шаралары осы бағытта маңызды рөл атқарады. Ислам діни бейбітшілік пен бірлікті қолдайтын болғандықтан, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығы үшін жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу қажет. Жат ағымдардың қауіптілігін түсіндіру және олардан аулақ болу үшін әр азаматтың діни сауаттылығын арттыру – бұл маңызды қадам.

Құранды дұрыс түсінудің маңыздылығы туралы айтқанда, араб тілін меңгеру немесе Құранның дәл әрі дұрыс аудармаларын жасау мәселелері айтылады. Алайда, тек араб тілін үйрену мүмкін емес болғандықтан, қасиетті кітаптың заманауи ғылыми тұрғыдан қайта аударылуы маңызды. Сонымен қатар, тарих пәні арқылы исламның тарихын, қазақ халқының дәстүрлері мен наным-сенімдерін тереңірек зерттеу керек деп санаймын. Бұл жастарға исламның негіздерін дұрыс түсініп, өз халқының рухани құндылықтарын қадірлеуге көмектеседі.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен исламның негізгі қағидалары арасында тығыз байланыс бар, сол себепті осы дәстүрлерді жастар арасында насихаттау маңызды. Діни сауаттылықты арттыру үшін мектептер мен университеттерде дінтану пәнін енгізу, сондай-ақ жаңа діни ағымдар мен олардың қауіптілігі туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу керек. Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет арқылы діни білім мен ақпаратты таратуды күшейту қажет. Сонымен қатар, діни экстремизмге ұшыраған тұлғалармен оңалту жұмыстарын жүргізу, олар-

ды қайта тәрбиелеу, әлеуметтік түзету мекемелерінде кәсіби мамандардың көмегімен діни радикализацияның алдын алу шараларының маңызы зор.

Қазақстанда дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы өзара үйлесімді болуы қажет. Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан барлық діндерге тең қарайды және дін мен дәстүрдің арасындағы үйлесімділікті сақтауға баса назар аударады. Діни келісім мен толеранттылықты насихаттау, дәстүрлі исламның құндылықтарын ұстану және экстремизмнің алдын алу мәселелерін шешуде мемлекет пен діни ұйымдардың бірлескен жү-

мысы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, исламның философиясы мен адамгершілік қағидаларын кеңінен насихаттау қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды құрал болып табылады.

Осылайша, Қазақстандағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни бейбітшілік пен толеранттылықты қамтамасыз ету мәселелері барлық қоғамның қатысуымен жүзеге асырылатын кешенді жұмыстардың нәтижесінде ғана өз шешімін табады. Сонымен қатар, елдегі діни келісім мен бірлікті сақтау еліміздің тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Әдебиеттер

EU and UN Joint Initiatives (2019). Kazakhstan, the United Nations and the European Union Working Together to Prevent Violent Extremism in Prisons. <https://www.unodc.org/roca/en/news/kazakhstan--the-united-nations-and-the-european-union-working-together-to-prevent-violent-extremism-in-prisons.html>

Journal of Educational and Social Research (2023). Religious Extremism Prevention Measures in Kazakhstan. https://www.researchgate.net/publication/369026588_Prevention_of_Religious_Extremism_in_Kazakhstan

Kazislam.kz Ақпараттық-танымдық портал (2020). Қазақстанның деструктивті діни ағымдармен күресу шаралары. <https://kazislam.kz/aza-stanny-destruktivti-dini-a-ym/>

Marshallcenter (2019). Monitoring and Countering Online Radicalization. https://www.marshallcenter.org/sites/default/files/files/2020-09/pC_V7N4

Абай газеті (2011). «Халифат сарбаздары» – қазақтар екен. <https://abai.kz/post/11394>

Абай газеті (2017). Жусан операциясы. <https://abai.kz/post/11394>

Ақназаров, Х. (1977). *Ислам діні және өмір шындығы*. Алматы: Қазақстан баспасы. – 230.

Ақмолова, Г. (2019). *Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу: Қазақстандық тәжірибе*. – Алматы: Қазақ университеті. – 200.

Атамекен ҮКП (2022) «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктесігін құру туралы. <https://atameken.kz/kk/news/48136-dn-mselelern-zertteu-ortalyu-zhauapkershlg-shekteul-serktesgn-ru-turaly>

Белл, Д. (1996). Культурные противоречия капитализма. // *Религия и общество: Хрестоматия по социологии религии / Сост. В.И. Гараджа, Е.Д. Руткевич*. – Москва: Юрайт. – 703.

Белла, Р. (1972). Социология религии // *Американская социология*. – Мәскеу: Юрайт. – 281.

ҚазАқпарат халықаралық ақпарат агенттігі (2013). Қазақстан дінтанушыларының Үшінші Форумы материалдарының жинағы. https://kaz.inform.kz/news/astanada-kazakstan-dintanushylarynyn-ushinshi-forumy-boldy_a2605178/

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (2022). Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. <https://academy-gp.kz/?p=13845&lang=kk>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (2011). Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000992>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (2013). *Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (2018). *2018–2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000124>

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2013). *Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты*. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynursultan-nazarbaevty-n-atyna-kazakstandyktardan-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memleketin-zhana-sayasi-bagyty-zh

Карин, Е. (2021). *Жусан операциясы: Сириядан қайтарылған қазақстандықтар*. – Алматы: Білім. – 270.

Лама Шариф, Қ. (2011). Ислам және қазақтың салт-дәстүрлері. <https://abai.kz/post/9496>

Сөздікқор (2007). *Саяси түсіндірме сөздік*. – Алматы: Мектеп баспасы. – 616.

Тәжібаев, С. (2015). *Дәстүрлі емес – жат ағымдар*. – Алматы: ДІБ «Сараптама және зерттеу орталығы». – 56.

Тұрғынбаева, Б. (2011). *Толеранттық бейбітшілікке апаратын жол*. – Семей: Семей баспасы. – 108.

References

- «Atameken» Qazaqstan Respublikasynyng Ulttyq kәsipkerler palatasy biznesting senimdi seriktesi (2022) «Din мәselelerin zertteu ortalygy» zhaupkershiligi shekteuli seriktesigin quru turaly [On the formation of LLC «Religious Research Center»]. <https://atameken.kz/kk/news/48136-dn-mselelern-zertteu-ortalyy-zhaupkershlg-shekteul-serktesgn-ru-turaly> (in Kazakh)
- Abai gazeti (2011). «Halifat sarbazdary» – qazaqtar eken [Halifat soldiers are kazakhs]. <https://abai.kz/post/11394> (in Kazakh)
- Abai gazeti (2017). Jusan operasiyası [The Jusan Operation]. <https://abai.kz/post/11394> (in Kazakh)
- Aknazarov, H. (1977). İslam dını jәne өmir şyndyğy [Islam and the reality of life]. – Almaty: Qazaqstan baspasy. – 230. (in Kazakh)
- Aqmolova, G. (2019). Dini ekstremizm men terorizمنىń aldın alu: Qazaqstandyq tәjiribe [Prevention of religious extremism and terrorism: Kazakhstan experience]. – Almaty: Qazaq universiteti. – 200. (in Kazakh)
- Bell, D. (1996). Kùlturnye protivorechia kapitalizma. // Religia i obşestvo: Hrestomatia po sosiologii religii / Sost. V.İ. Garaja, E.D. Rutkevich [Cultural contradictions of capitalism. // Religion and society: Reader on the sociology of religion / Comp. V.I. Garadzha, E.D. Rutkevich]. – Moskva: İurait. – 703. (in Russian)
- Bella, R. (1972). Sosiologia religii // Amerikanskaia sosiologia [Sociology of religion // American sociology]. – Mәskeu: İurait. – 281. (in Russian)
- EU and UN Joint Initiatives (2019). Kazakhstan, the United Nations and the European Union Working Together to Prevent Violent Extremism in Prisons. <https://www.unodc.org/roca/en/index.html> (in English)
- Journal of Educational and Social Research (2023). Religious Extremism Prevention Measures in Kazakhstan. https://www.researchgate.net/publication/369026588_Prevention_of_Religious_Extremism_in_Kazakhstan (in English)
- Kazislam.kz Aqparattyq-tanymdyq portal (2020). Qazaqstannyń destruktivti dini aғymdarmen küresu şaralary [Measures of Kazakhstan to combat destructive religious movements]. <https://kazislam.kz/aza-stanny-destruktivti-dini-a-ym/> (in Kazakh)
- Lama Şarif, Q. (2011). İslam jәne qazaqtyń salt-dәstürleri [Islam and the traditions of Kazakh]. <https://abai.kz/post/9496> (in Kazakh)
- Marshallcenter (2019). Monitoring and Countering Online Radicalization. https://www.marshallcenter.org/sites/default/files/files/2020-09/pC_V7N4 (in English)
- Qarin, E. (2021). Jusan operasiyası: Siriadan qaitarylған qazaqstandyqtar [The Jusan Operation: returned citizens of Kazakhstan from Syria]. – Almaty: Bılım. – 270. (in Kazakh)
- QazAqparat halyqaralyq aqparat agenttigi (2013). Qazaqstan dıntanuşylarynyń Üşinşi Forumy materialdarynyń jınağy [A collection of materials of the Third Forum of Religious Scholars of Kazakhstan]. https://kaz.inform.kz/news/astanada-kazakstan-dintanuşylaryny-ushinshi-forumy-boldy_a2605178/ (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy Bas Prokuraturasynyń janyndağy Qūyqy qorğau organdary akademiasy (2022). Dini ekstremizm men terorizmge qarsy is-qimyl мәseleleri talqylandy [Issues of religious extremism and terrorism are discussed]. <https://academy-gp.kz/?p=13845&lang=kk> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy normativtik qūyqyqyq aktleriniń aqparattyq-qūyqyqyq júiesi (2011). Dini qyzmet jәne dini birlestikter turaly [On the Religious Services and Religious Associations]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000992> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy normativtik qūyqyqyq aktleriniń aqparattyq-qūyqyqyq júiesi (2013). Qazaqstan Respublikasynda dini ekstremizm men terorizmge qarsy is-qimyl jönindegi 2013–2017 jyldarğa arnalған memlekettik baғdarlama [State Program for 2013-2017 on action against religious extremism and terrorism in the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy normativtik qūyqyqyq aktleriniń aqparattyq-qūyqyqyq júiesi (2018). 2018–2022 jyldarğa arnalған dini ekstremizm men terorizmge qarsy is-qimyl jönindegi memlekettik baғdarlama [State program for action against religious extremism and terrorism for 2018-2022]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000124> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń resmi saity (2013). Qazaqstan-2050 Strategiasy: qalyptasqan memlekettiń jańa saiasi bağyty [Kazakhstan-2050 Strategy: the new political direction of the established state]. https://www.akorda.kz/kz/events/akor-da_news/press_conferences/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevtyn-atyna-kazakstandyktardan-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-zh (in Kazakh)
- Sözdikqor (2007). Saiasi túsındırme sözdik [Political explanatory dictionary]. – Almaty: Mektep baspasy. – 616.
- Tәjibaev, S. (2015). Dәstürlı emes – jat aғymdar [Non-traditional – destructive movements]. – Almaty: DIB «Saraptama jәne zertteu ortalyğy». – 56. (in Kazakh)
- Türğynbaeva, B. (2011). Toleranttyq beibitşilikke aparatyn jol [Tolerance a way to peace]. – Semei: Semei baspasy. – 108. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Арыстанбекұлы Нұржан – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Information about author:

Arystanbekuly Nurzhan – PhD student at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Сведения об авторе:

Арыстанбекұлы Нұржан – PhD докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).

Тіркелді: 11.04.2024
Қабылданды: 19.12.2024